

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ИНСТИТУТ ЯЗЫКОЗНАНИЯ ИМЕНИ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
КОМИТЕТА НАУКИ МИНИСТЕРСТВА НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

AKHMET BAITURSYNULY INSTITUTE OF LINGUISTICS OF THE COMMITTEE OF SCIENCE
OF THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ТІЛ және МӘДЕНИЕТ – 2024
(тілтанымдық алаң)

Академик
ӘБДУӘЛИ ТУҒАНБАЙҰЛЫ ҚАЙДАРДЫҢ
туғанына 100 жыл толуына арналған

«МӘДЕНИЕТ – ӨРКЕНИЕТ – ЖАҒАНИЯТ
КОНТЕКСИНДЕГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ:
ТІЛ, ЭТНОС, ҚОҒАМ»
атты халықаралық конгресс
Ж И Н А Ғ Ы

Алматы, 2024

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
М 13

Бас редактор

А.Фазылжан – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры

Пікір жазғандар:

Ж.Манкеева – филология ғылымдарының докторы, профессор

Р.Шойбеков – филология ғылымдарының докторы, профессор

Редакция алқасы:

ф.ғ.д., профессор Н.Уәли, ф.ғ.д., профессор З.Базарбаева, ф.ғ.д., профессор Ж.Манкеева,
ф.ғ.д., профессор М.Малбақов, ф.ғ.к. Н.Әшімбаева, ф.ғ.к. С.Құлманов,
ф.ғ.к. Ә.Өтебаева, PhD Е.Маралбек

Жауапты шығарушылар:

Ә.Өтебаева, А.Нұстаева, Д.Сәрсенбек

М 13 «Мәдениет – өркениет – жаһаният контексіндегі гуманитарлық ғылым: Тіл, Этнос, Қоғам» атты халықаралық конгресс материалдары. – Алматы: Асыл ЖК, 2024. – 850 бет.

ISBN 978-601-7907-06-8

Жинақ «Мәдени-репрезентативті және жарнама мәтіндерінің ішкорпусын әзірлеу» (BR18574132) атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында әзірленді.

Жинаққа қазақ тіл білімінің аса көрнекті маманы, белгілі түркітанушы, ҚР ҰҒА академигі Әбдуәли Қайдардың 100 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Тіл және мәдениет» алаңы аясында «Мәдениет – өркениет – жаһаният контексіндегі гуманитарлық ғылым: Тіл, Этнос, Қоғам» атты халықаралық конгресс материалдары енді.

Бұл еңбек тіл мамандарына, филология факультетінің докторанттары, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

**ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2**

**«МӘДЕНИЕТ – ӨРКЕНИЕТ – ЖАҒАНИЯТ КОНТЕКСІНДЕГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ
ҒЫЛЫМ: ТІЛ, ЭТНОС, ҚОҒАМ» атты халықаралық конгрестің
ұйымдастырушылары мен серіктестері**



Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті



Халықаралық Түркі Академиясы



Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы



ӘБДУӘЛИ ТУҒАНБАЙҰЛЫ ҚАЙДАР
(1924-2019 жж.)

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, белгілі түркітанушы, қазақ және ұйғыр тілі білімдерінің көрнекті маманы, I дәрежелі «Достық» орденінің, «Отан» орденінің, Шоқан Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың, «Халықтар Достығы» орденінің, Түркия мемлекетінің «Құрмет белгісі» орденінің, «Түркітану ғылымының дамуына қосқан өлшеусіз үлесі үшін» алтын медалінің, «Қазақ КСР-і Халық ағарту ісінің үздігі» құрметті атағының, «Ана тілі айбары», «Қазақ тілінің жанашыры» құрмет белгілерінің иегері, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Түркияның «Türk Dil Kurumu» лингвистикалық қоғамының құрметті мүшесі, Башқұртстан Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі, филология ғылымдарының докторы, «Түркі тілдері» мамандығы бойынша профессор, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, Ұлы Отан соғысының ардагері.

5. Будагов Л.З. 1869-1871. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, со включением употребительнейших слов арабских и персидских и с переводом на русский язык. 2 тома. С-Петербург.
6. Bilkan, A. F. 1996. "Hindistan Kütüphanelerinde Bulunan Türkçe El Yazmaları". Türk Dili Dil ve Edebiyat Dergisi, sayı 532, Ankara: TDK, s. 1096-1104.
7. Ильминский Н. 1865. Материалы для джагатайского спряжения из Бабер-Намэ. Казань.
8. Caferoğlu, A. 1984. "Çağatay Türkçesi Gelişmesi ve Karakteri". Türk Dili Tarihi, cilt 2, İstanbul: Enderun, s. 195-229.
9. Clauson, Sir G. 1960. Sanglax: A Persian Guide to the Turkish Language by Muhammad Mahdi Xān. London.
10. Eckmann, J. 2012. Çağatayca El Kitabı. çev. Günay Karaağaç, 5. baskı, İstanbul: Kesit.
11. Ercilasun, A.B. 2008. Başlangıçtan Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi (5. baskı). Ankara: Akçağ.
12. Eren, H. 1950. "Çağatay Lügatleri Hakkında Notlar". Ankara Üniversitesi DTCF Dergisi, cilt 8, sayı 1-2, Ankara, s. 145-163.
13. Kara, F. 2011. Muhammed Yakub-ı Çingî: Zeban-ı Türki (Kelür-Name) İnceleme-Metin- Dizin. Erzurum: Fenomen.
14. Rahimi, F. 2017. "İran Kitaplıklarında Bulunan Çağatay Türkçesi Sözlükleri" Teke Dergisi, sayı 6/4.
15. Севортян Э. В. 1974. Этимологический словарь тюркских языков. Москва: Наука.
16. Vambery, A. 1862. Abuska Csatagajtörök Szogyűjtemeny [Abuşka Çağatay Türkçesi Söz Derlemesi]. Pest: Macar İlimler Akademisi.

Диана МЕЙІРЖАНҚЫЗЫ

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
2-курс магистранты*

Ғылыми жетекшісі: Г.ҚОРТАБАЕВА

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
(Қазақстан, Алматы қ.)*

ҚАЗАҚ-АҒЫЛШЫН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ: ТҮР МЕН ТҮСТЕРДІ САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі түр мен түстердің символикалық мәні талданады. Мақалада әртүрлі түр мен түстердің, соның ішінде қара, қызыл, және ақ түстердің мәдени мағыналары зерттеледі. Бұл салғастырмалы талдау ағылшын және қазақ тілдеріндегі түр мен түстердің ұлттық дүниетанымда алатын орнын көрсетеді.

Тірек сөздер: түр мен түс, мақал-мәтелдер, қазақ мәдениеті, ағылшын, дүниетаным, символика.

Аннотация. В статье анализируется символическое значение цветообозначений в казахских и английских пословицах и поговорках. Рассматриваются культурные значения различных цветообозначений, включая черный, красный и белый. Этот сравнительный анализ демонстрирует роль цветообозначений в национальном мировоззрении казахского и английского народов.

Ключевые слова: цветообозначения, пословицы и поговорки, казахская культура, английский язык, мировоззрение, символика.

Abstract. This article analyzes the symbolic meaning of colour terms in Kazakh and English proverbs and sayings. It examines the cultural significance of various colour terms, including black, red, and white. This comparative analysis demonstrates the role of colour names in the national worldview of Kazakh and English cultures.

Keywords: colour terms, proverbs and sayings, Kazakh culture, English language, worldview, symbolism.

Түр мен түс мәдениет пен тілде маңызды рөл атқарады, адамдардың қабылдауын, көз-қарастарын қалыптастырады және моральдық құндылықтарды көрсетеді. Мақал-мәтелдерде кездесетін түстік символика халықтың ұстанымдарын бейнелейді және әртүрлі түсіндірмеге ие. Әр халық үшін түр мен түстердің өзіне тән ерекше мәні бар. В.Г.Гактың айтуы бойынша,

«тіпті барлық адамдарға ортақ болатын объективті сезім – түс те әр түрлі тілдерде әрқалай көрінеді, түр мен түстердің атаулары әр тілде күрделі жүйе құрайды, ал әр тілдердегі жүйелер арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар».

Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі академик Әбдуәли Қайдардың «Сырға толы түр мен түс» еңбегінде «әрбір халық, этностық топ түр мен түстердің белгілі бір түрлеріне белгілі бір ұғымдар мен түсініктерді балауға, оларға өзіндік мән-мағына беруге тырысатынын» атап өткен.

Түр мен түстердің тілдік символикасының теориялық негіздері

Түр-түс – алдымен адамды қоршаған ғаламның өзі, объективті шындық, сонымен қатар адамның ішкі дүниесінің, дүниені қабылдауы мен түсінуінің фрагменті. Әрбір мәдениетте түр мен түстердің символикалық мәні оның тарихи және мәдени ерекшеліктеріне байланысты. Түр мен түс қоғамдағы ұстанымдарды, моральдық көзқарастарды және әлеуметтік нормаларды білдіреді.

Түр мен түс атауларының мағынасын талқылау үшін релятивизм және универсализм тұрғыларының айырмашылығын атап өту маңызды. Ширилло (2001) түр мен түстердің мағынасына қатысты осы екі гипотезаның айырмашылығын сипаттайды. Релятивистер түр мен түстердің категориялары салыстырмалы және олардың қабылдауы атауына байланысты деп есептейді. Ал универсалистер, керісінше, әмбебап шындықтардың бар екеніне сенеді. Олар әртүрлі тілдердегі түр мен түс атауларында айырмашылықтар бар екенін мойындағанымен, бұл айырмашылықтарды үстірт деп санайды және түр мен түстердің терең құрылымына қатысты кейбір әмбебап элементтерді табуға болады деп санайды. Универсализмді қолдайтын ең танымал зерттеу – Берлин мен Кэйдің (1969) жұмысы. Олар адамның тілге тәуелсіз түстерді бірдей қабылдауын дәлелдеу үшін әртүрлі мәдениеттерден адамдар бірдей түр мен түс аймағын бейнелейтін негізгі түр мен түс атауларын анықтауға тырысты. Алдымен, олар негізгі түр мен түсді екі деңгейге бөлді. Бірінші деңгейдегі термин ретінде түс атауын анықтау үшін төрт негізгі қасиет анықталды. Біріншіден, ол жалпы болуы және әртүрлі объектілерге қолданылуы тиіс. Екіншіден, ол мәдениет ішінде жоғары келісім деңгейімен «біркелкі қолданылуы» тиіс [6]. Үшіншіден, ол лексикалық тұрғыдан қарапайым болуы керек, яғни күрделі құрамдас атауларды қоспайды. Бұл әдісті қолданған Берлин мен Кэй (1969) он бір негізгі түс атауын анықтады: ақ, қара, қызыл, жасыл, сары, көк, қоңыр, күлгін, қызғылт, қызғылт сары және сұр.

Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі түр мен түс символикасы

Әрбір халық, этностық топ түр мен түстердің белгілі бір түрлеріне белгілі бір ұғымдар мен түсініктерді балауға, оларға өзіндік мән-мағына беруге тырысады. Мысалы, ақ түс пен қара түр мен түсді алып қарасақ, оларды тек қазақ топырағында ғана неше алуан символикалық мәнде қолданғандығын көреміз. ақ түс осы орайда – «тазалық», «әділеттік», «мейірбандық», «бейкүнәлік», «пәктік», «көңілді өмір салты», «ағынан жарылқау», «алғашқы адал ниет» тағы басқа мағынаны аңғартса, қара – «қайғы-қасірет», «ауыр тұрмыстың таукіметі», «қаталдық», «қатігездік», тағы басқа мағыналарды білдіреді. Ал қоғамдық-әлеуметтік символиканың мәні түр-түр мен түсін, міне осындай ерекшеліктеріне байланысты дамып отырады [4]. Түр-түр мен түстердің символдық мәні туралы Әлкей Марғұлан: «Көк түс – көкке табынудың, аспанның символы, қызыл – оттың, күннің, ақ – шындықтың, қуаныштың, бақыттың, сары – ақыл-ойдың, қара – жердің, жасыл – көктемнің, жастықтың символы», – деп жазады

Қара түс

Қазақ мәдениетінде қара түс көбінесе қиындықтармен және табиғаттың сынақтарымен байланысты. Ол өмірдің ауыртпалығы мен тұрақсыздығын білдіреді. Ал ағылшын мәдениетінде қара түс зұлымдықты, қасіретті немесе кей жағдайларда мәртебе мен салтанатты білдіреді.

Қазақ мақал-мәтелдерінде:

«Қара ешкіге жан қайғы» – бұл мақал өмірдегі қиындықтар мен тіршілік үшін күресті бейнелейді.

«Қара жерге қарыз арқаламайды»

«Қара жерді жамандама – қайтіп сонда барасың, Қауым елді жамандама – қарғысына қаларсың»

Ағылшын мақал-мәтелдерінде:

“The devil is not so black as he is painted” – бұл мақал адамдар мен жағдайлар біз ойлағандай жаман емес болуы да мүмкін екенін білдіреді.

Ақ түс

Қазақ мақал-мәтелдерінде ақ түс тазалықты, адалдықты және қасиеттілікті білдіреді. Қазақ халқында ақ – пәктік пен ақтықтың нышаны, қуаныш пен жақсылықтың белгісі, махаббат, үміт, қайырымдылық деген ізгі сезімдердің символы. Себебі бұл – қазақтың ең қасиетті тағамы – сүттің түсі. Жалпы халқымыз киелі нәрселер мен қасиетті заттарды ақ атауымен атап, оларды аққа балаған. Сондықтан да сүттің түсі қазақ танымында көптеген жағымды ұғымдардың нышанына айналған. Ақ түс осы орайда – «тазалық», «әділеттік», «мейірбандық», «бейкүнәлік», «пәктік», «көңілді өмір салты», «ағынан жарылқау», «алғашқы адал ниет» тағы басқа мағынаны аңғартады [4]. Ал ағылшын мәдениетінде ақ түс тазалық пен кінәсіздікті көрсетеді.

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі ақ түс көрінісі:

«Ағын су жолын табады,

Ақ адам оңын табады»

Ағылшын мақал-мәтелдерінде:

“Two blacks don’t make a white” – Бұл тікелей аударғанда «екі қателік бір дұрыстықты жасамайды» деген ұғымды жаман әрекетке тағы бір жаман әрекетпен жауап беру дұрыс емес екендігін көрсетеді.

Қызыл түс

Қазақ мәдениетінде қызыл түс өмірдің қуаты мен маңызын, қуанышты білдіреді. Қызыл түс – ежелде Күннің, Оттың түсіне байланысты қабылданып, күні бүгінге дейін көптеген халық үшін символ ретінде қасиеттілік, махаббат символы, билік ұғымдарымен байланысты қалыптасқан. Қазақта қызыл түстің жағымды мағыналары түрлі сезімге байланысты әдемілік, махаббат, жастық, қуаныш сезімдерді білдіреді. Ағылшын мәдениетінде қызыл түс көбінесе ашуды немесе қауіп-қатерді білдіреді, бірақ кейде қуат пен күштің символы ретінде де қолданылады. Қызыл түс бір нәрсенің әдемі және жағымды екенін білдіреді. Мысалы, “as red as a rose” «қызыл түсті раушан гүліндей» - әдемі, тартымды. Қызыл түс көңіл көтеру мен рахаттануды да білдіреді: “paint the town red” «қаланы қызылмен бояу» – керемет уақыт өткізу деген мағынада қолданылады. Англияда қызыл түс әрқашан танымал болған. Ағылшындар бұл жарқын түсті жақсы көреді, мысалы, оны бізге қызыл автобустар, телефон будкалары және әскерилердің киімдері дәлелдейді. Тіпті Англияның ұлттық елтаңбасы да, Ланкастерлер заманынан бастап, қызыл раушан болып табылады. Британдықтар қызыл түсті өміршеңдік, жастық, физикалық күш, қуаныш және мереке символы деп санайды. Британдықтардың қабылдауында қызыл түс тек қана оң эмоцияларды білдіреді. “Red day letter” «Қызыл әріптер күні» деген тіркес «мемлекеттік мереке» дегенді білдіреді, мұндай күндер күнтізбеде қызылмен белгіленеді [3].

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі қызыл түс:

«Түлкінің қызылдығы өзіне сор»

«Қыздың көзі қызылда»

«Әсіре қызыл тез оңар»

Ағылшын мақал-мәтелдеріндегі мысалдар:

«Red sky at night, shepherd’s delight; red sky in the morning, shepherd’s warning» – күннің шығуы мен батуы кезінде аспанның өзгеруін білдіретін, ежелден бері қойшыларға келесі күннің ауа райына дайындалуға көмектесу үшін қолданылған көне ауа райы жайындағы мақал.

Қорытынды

Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінде түр мен түстердің символикасы әр халықтың дүниетанымын, мәдени ерекшеліктерін және моральдық ұстанымдарын көрсетеді. Мақаланың барысында түстердің тілдегі рөлі, әсіресе, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер арқылы көрініс тапқаны анықталды. Түстердің бейнелі мағыналары тілде халықтың дүниетанымы мен құндылықтар жүйесінің айнасы ретінде көрініс табады. Бұл зерттеу түстердің әртүрлі мәдениеттердегі рөлін тереңірек түсінуге және мәдениетаралық коммуникациядағы мүмкін болатын қиындықтарды болдырмауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, түстердің символикасы – бұл мәдениет пен тіл арасындағы тығыз байланысты көрсететін маңызды құрал. Бұл тақырыпты әрі қарай зерттеу түрлі мәдениеттерді тереңірек түсінуге, олардың ерекшеліктерін бағалауға және өзара қарым-қатынасты нығайтуға үлес қосады.

1. Berlin, B., & Kay, P. 1969. Basic color terms: Their universality and evolution. Berkeley: University of California Press.
2. Гак, В.Г. 1977. Сравнительная лексикология: на материале французского и русского языков. Москва: Международные отношения.
3. Зарайский, А.А. 2023. Лингвистические и культурные аспекты значений цвета в языковой картине мира (на материале английского и русского языков). Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия Филология. Журналистика, 23(1), 42–47.
4. Қайдаров, Ә., Өмірбеков, Б., & Ахтамбердиева, З. 1986. Сырға толы түр мен түс. Алматы: Қазақстан.
5. Маковский, М.М. 2008. Явление табу в традициях и языке индоевропейцев: сущность-формы-развитие. Москва: ЛКИ.
6. Ширилло, Г.П. 2001. Цвет и психика: Психология восприятия цвета. Санкт-Петербург: Питер.

С. САМАРХАН

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
2-курс PhD докторанты
(Қазақстан, Алматы қ.)*

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ПЕРИФРАЗА

Андатпа. Бұл мақалада қазақ тіл біліміндегі перифраза құбылысы қарастырылады. Перифразалардың зерттелуі, атап айтқанда, қазіргі қазақ тіл біліміндегі перифразаға қатысты жарық көрген мақалалар мен зерттеу еңбектері талданды.

Қазақ тілі құнарлы да бай болғанымен, қазіргі қоғам мүшелері өз ойларын ықшамдап жеткізу үшін перифраз ұғымын қолданып жатады. Сол себепті күнделікті қолданыста ана тіліміздің көркемдік жағын таныту үшін тілдік оралымдарды астарлы мағынада қолданылатын перифраздарды қолданған жөн.

Тірек сөздер: перифраза, перифраза құбылысы, ауыспалы мағына, көркемдегіш құрал, теңеу.

Аннотация. Данная статья исследует явление перифразы в рамках казахской лингвистики, сосредотачиваясь на анализе соответствующих исследований, включая опубликованные статьи и научные работы по современной казахской лингвистике.

Несмотря на лингвистическое богатство казахского языка, современные люди часто используют перифразу для краткой коммуникации. Для продвижения художественного измерения родного языка в повседневном дискурсе рекомендуется использовать перифразу с лингвистическим акцентом.

Ключевые слова: перифраз, явление перифразы, переменное значение, художественный инструмент, уравнение.

Abstract. This article explores the phenomenon of periphrasis within the framework of Kazakh linguistics, focusing on an analysis of pertinent studies, including published articles and research papers in modern Kazakh linguistics.

Despite the linguistic richness of the Kazakh language, contemporary individuals often utilize periphrasis to communicate concisely. To promote the artistic dimension of the native language in everyday discourse, employing periphrasis with linguistic emphasis is recommended.

Keywords: periphrase, periphrase phenomenon, variable value, artistic instrument, equation.

Қазақ тілі ұлт болмысын танытатын бейнелі тіркестерге бай. Ұлттың ментальдық өрісінің ауқымы мен көркемдік ойлау қабаттарын және қазақ тілінің есепсіз тіл қуатының молдығын білу үшін ұлт тіліндегі көркем сөздерге жүгінген жөн. Халықпен бірге жасап келе жатқан эмоциялық мазмұны жоғары образды тіркестердің өміршендігін оның қолданыстарынан байқауға болады. Осындай образды көркем сөздердің қатарына перифразаларды да енгізуімізге әбден болады. Бірақ перифразалар жазба әдеби тілдің қатталған беттерінде қалып бара жатыр, ал бүгінгі ұрпақтың ауызекі сөйлеу тілінен жиі ұшырату қиын. Қазақ халқының ойы терең, тілі

ҚАЗАҚ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ, ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ, ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫ

Қ.Рысберген. Ұлт мәдениетін лексикографиялаудың шебері.....	314
Б.Динаева. Ғаламның паремиологиялық бейнесі және оны жаңғырту әдістері (қазақ және түрік тілдері паремиографиясы негізінде).....	317
D.Kenjegulova. <i>Bilmeceler</i>	322
А.Құрманәліева. Қазақ тіліндегі гомогенді омонимдер: уәждеме мен дәстүр	329
Г.Кумманова. <i>Nakyllar we atalar sözi: ıttıtylyklar we tapawutlar</i>	333
А.Назарова, М.Абаева. Қазақ және поляк ұлттарының тілдік санасындағы гендерлік ерекшелік («Еркек», «Әйел» концептілері негізінде).....	337
Г.Гундогдыева. Фразеологизмы и пословицы в творчестве туркменского поэта Махтумкули Фраги (сопоставительный анализ туркменских и персидских фразеологизмов и пословиц)	343
B.Kordabay, P.Medetbekova. <i>Küreselleşme çağında ulusal ilişkisel kelime dağarcığını</i> <i>derlenmesindeki sorunlar (kazak dili örneğinde)</i>	346
Э.Есенова. Эволюция туристической лексики: от истоков до современности.....	349
А.Алдажарова. Тематическая классификация пословиц и поговорок в казахском языке.....	353
А.Ермекбаева. Жамал Манкеева еңбектеріндегі сөздік құрамның ұлттық сипаты және оны мектепте оқыту жолдары	356
Ш.Бүркітбаева. Шағатай тілі сөздіктерінің зерттелу барысы	361
Д.Мейіржанкызы. Қазақ-ағылшын мақал-мәтелдері: түр мен түстерді салғастырмалы талдау	367
С.Самархан. Қазақ тіл біліміндегі перифраза	370
А.Нұрлыбек. Қазақ және ағылшын фразеологизмдер құрамындағы сан мәлішерлік ұғымдар.....	374
Қ.Саркенова. Эпостық жырлардағы тұрақты тіркестердің қолданылуы	379

АНТРОПОЭКТИК ПАРАДИГМАДАҒЫ ТІЛТАНЫМ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ: ЭТНОЛИНГВИСТИКА, ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКА, КОРПУСТЫҚ ЛИНГВИСТИКА

С.Сәтенова. Академик Әбдуәли Қайдардың этнолингвистикалық зерттеуінің жалғастығы	384
Ш.Сейітова. «Өркен» сөзінің этнолингвистикалық сипаттамасы	388
М.Атабаева, С.Асанбаева. Қазақ дүниетанымындағы «қашықтық» ұғымын бейнелеудің көріністері	392
М.Ахматова. Этнокультурно маркированные дескрипции с темпоральным значением в карачаево-балкарском языке	396
Э.Оразалиева. Әбдуәли Қайдар: тілдегі этногенез үдерісі	401
Қ.Шота. Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ (этнолингвистикалық талдау)	406
Г.Қортабаева, Е.Тұрсын. «Алпомиш» эпосындағы үйлену салтына байланысты этнографизмдер.....	411
Ж.Рапишева, А.Баербекова. Когнитивтік лингвистикадағы концептілер типологиясы	415
Н.Рсалиева. Қазақтың кей мақал-мәтелдерінің ислами дүниетанымға кезеңді сипаты	418
З.Қайдаулова, Г.Мадиева. Урбанонимы и искусственный интеллект: семантический анализ	428
Н.Байжанова, Г.Сыздықова, А.Шойбекова. Психоллингвистикадағы модельділікті білдірудің амал-тәсілдері.....	432
Ш.Кенесбек. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «баспана» ұғымына қатысты этнолингвистикалық талдау.....	440
G.Sarbassova. <i>Kazakh horse-related idiomatic phrases and their semantic fields through the</i> <i>'prism' of ethnolinguistics</i>	444
Ю.Вайрах. Семантика родства в творчестве Сатимжана Санбаева	450
Zh.Kumisbekova. <i>Conditions of formation of technology integrated learning in the research</i> <i>of professor Alma Mutalipkiza</i>	455
О.Бердыева. <i>Mahtumkulı Fırakı'nın birlik, nasihat ve öğüt verici şiirlerinin eğitimsel ehemmiyeti</i>	459
Ш.Албалыев. Праздник пробуждения природы – Новруз	463
А.Оразмамедова. Изучение письменных памятников тюркоязычных народов	467